



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті Oskemen IT-HUB-пен бірлесіп, Сіздерді Шығыс Қазақстан облысының ТЖКБ ұйымдарының студенттері, мектептердің 11-сынып оқушылары арасында өтетін **«Coding Skills» өңірлік бағдарламалау олимпиадасына** қатысуға шақырады ол Өскемен қаласындағы университет базасында **2025 жылдың 28 наурызы, сағат 9:00-да** өтеді.

**Олимпиаданың өтетін орны:** Өскемен қаласы, Қазақстан-Американдық еркін университетінің әкімшілік-оқу ғимаратында: Горький к-сі, 76.

Олимпиаданың **мақсаты** – мектеп және колледж студенттері арасындағы зияткерлік сайыстарға қоғамның назарын аудару, зияткерлік көшбасшылық пен командалық рухты насихаттау, дарынды жастардың кәсіби деңгейін арттыру, Шығыс Қазақстан облысында ақпараттық технологиялар саласын дамыту және студенттер арасында жеке байланыс орнату, сонымен қатар бағдарламалауда тәжірибелік дағдыларды тексеру және берілген міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамыту.

**Олимпиадаға қатысушылар:** мектептердің 11 сынып оқушылары, Шығыс Қазақстан облысының ТЖКБ ұйымдарының оқушылары.

**Олимпиаданы өткізу формасы:** Moodle платформасы <https://moodle.kafu.edu.kz/>.

**Жүргізу тілі:** орыс.

**Олимпиада бағдарламасы** өткізу 2 турдан тұрады: 1 тур – «Тестілеу», 2 тур – «Бағдарламалау есептерін шешу».

**«Coding Skills» өңірлік бағдарламалау олимпиадасына** қатысуға ниет білдірген қатысушылар **2025 жылдың 25 наурызына** дейін белгіленген нысандағы өтінімді (Қосымша) [olympiada@kafu.kz](mailto:olympiada@kafu.kz) электрондық поштасына жіберуі қажет, 2025 жылдың 25 наурызынан кейін келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды.

**1-тур.** Қатысушылар «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша тестілеуден өтеді. 1-ші турдың нәтижелерін жариялау **2025 жылдың 28 наурызында**, екінші турға өткендер сағат 12.00-ге дейін жарияланады. Олимпиаданың екінші кезеңіне 1-турды сәтті аяқтаған және тестілеуден ең жоғары ұпай жинаған 30 қатысушы жіберіледі.

**2-тур.** Студенттерге әр түрлі қиындықтағы 5 бағдарламалау есебі беріледі. Жеңіл санаттан 2 есеп (1 ұпай), орташа қиындық санатынан 2 есеп (2 ұпай) және қиын санаттан 1 есеп (3 ұпай). Бұл есептерді шығару үшін студенттерге 2,5 сағат уақыт беріледі. Бағдарламалау тілінде ешқандай шектеулер жоқ, студенттер қандай бағдарламалау тілін қолданатынын таңдай алады.

Құрметті олимпиада қатысушылары, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауларыңызды сұраймыз. Біз жұмысқа адал және саналы көзқараспен қарауға шақырамыз және студенттерге есептерді шешуге көмектеспеді сұраймыз, ал оқушыларды олимпиада есептерін шығарғанда интернетті пайдаланбауға шақырамыз.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша қатысушылар арасында орындар бөлінеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар және «Бизнес» кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін және келесі сомаға жеңілдікпен сертификаттар беріледі:

**Бірінші дәрежелі диплом – 20%.**

**Екінші дәрежелі диплом – 15%.**

**Үшінші дәрежелі диплом – 10%.**

«*Coding Skills*» өңірлік бағдарламалау олимпиадасының нәтижелері 2025 жылдың 29 наурызында ҚАЕУ ресми сайтында – [www.kafu.kz](http://www.kafu.kz) және Instagram желісіндегі – [@kafukz](https://www.instagram.com/kafukz) парақшасында орналастырылады.

«*Coding Skills*» өңірлік бағдарламалау олимпиадасына қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстарды ҚАЕУ «Бизнес» кафедрасы қабылдайды:

Е-mail: [olympiada@kafu.kz](mailto:olympiada@kafu.kz)

*Байланыстағы тұлға:*

Бухрякова Амина Сергеевна – 87478044944

Айтқалиева Жанерке Қайратқызы - 87007004029т

<b>ЗАЯВКА</b> <b>на участие в региональной олимпиаде по программированию «Coding Skills»</b> г.Усть-Каменогорск, Казахстанско-Американский свободный университет 11 мая 2023 года						
№	Ф.И.О. участника	Наименование школы	Язык обучения	Контактный телефон, электронный адрес участника	Язык программирования	Ф.И.О. руководителя команды от школы, контактный телефон, электронный адрес
1.						
2.						
3.						